



**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 28 ақпандағы N 72 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1814

Банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 V011410\_ қаулысы мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Ұлттық Банк осы қаулы күшіне енгенге дейін бір жыл бойы Ұлттық Банк мәжбүрлеп сатып алуды жүзеге асырған екінші деңгейдегі банктер үшін осы қаулының талаптарын орындау мерзімін ұзартуға құқылы."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК